

ЖАНАШЫРЛЫҚ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ҰЛТТЫҢ АСЫЛЫН АСҚАҚТАТҚАН

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

№39
(4937)
Сенбі
4 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ОҚУШЫ СЫЙАҚЫСЫ – 6 МЛН ТЕҢГЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес халықаралық ғылыми жоба жарыстарында жүлдегер атанған қазақстандық оқушылар мен олардың ұстаздарына бір реттік сыйақы тағайындалды.

Оқу-ағарту министрлігінің арнайы бекітілген бұйрық негізінде биылдан бастап халықаралық ғылыми жоба жарыстарында 1, 2, 3-орын алған оқушылар 2 миллионнан 6 миллион теңгеге дейін бір реттік сыйақымен марапатталады. Сондай-ақ жүлдегер оқушыларды дайындаған ұстаздарға да өздерінің базалық айлығына байланысты 18,5 есе және 8,5 есе көлемінде бір реттік сыйақы берілетін болады.

ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Астанада электросамокаттарды пайдалану бойынша жаңа талаптар енгізіледі. Бұл туралы Астана қаласы Коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде қалалық Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Махамбет Төлешов мәлім етті.

«2026 жылғы 1 шілдеден бастап ӘҚБтК-нің 619-бабының 2-тармағы күшіне енеді. Бұл нормаға сәйкес, басқару құқығы жоқ тұлғаларға электросамокат ұсынған операторларға жауапкершілік жүктеледі. Сонымен қатар прокат операторларының қызметіне бақылау күшейтіліп, электросамокаттарға міндетті тіркеу нөмірлерін беру және оларды есепке алу талаптары енгізіледі» деді спикер.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ

Қоғамның да, мемлекеттің де тыныштығы мен дамуы, ең алдымен, заң мен тәртіптің сақталуына байланысты болады. Осы орайда Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан, бүгінгі таңда ұлттық бағыт-бағдарға айналған «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғамның идеологиялық ұстанымы болып отыр.

МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ МАМЫРДА БАСТАЛАДЫ


Астанада 2026-2027 оқу жылына құжат қабылдау бұрынғыдай 1 сәуірден емес, 27 мамырдан басталып, 31 тамызға дейін жалғасатын болады.



Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2026-2027 оқу жылында Астана қаласының мектептеріне бірінші сыныпқа құжат қабылдау 27 мамырда басталып, 31 тамызда аяқталады. Жаңа оқу жылында Астана бойынша бірінші сыныпқа 33 мыңға жуық бала барады деп күтіліп отыр.

4-5 СӘУІР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ


Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



СІЗДЕРДІ «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ӨТЕТІН «ESIL RUN» ЖАЗҒЫ ЖҮГІРУ МАУСЫМЫНЫҢ АШЫЛУЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!

11 СӘУІР 2026 ЖЫЛ
Тіркеу: 07:30–09:00
Басталуы: 09:00
Қашықтық: 4 км
Қатысу - ТЕГІН!

ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ:
1500 АДАМ
Қатысушылар саны 1500 адамға жеткен жағдайда тіркеу жабылады



Өтетін орны:
Ботаникалық саябақ
(Орынбор көшесі жағынан)

№39 (4937) 04/04/2026 Сенбі

АҚОРДА



МИНИСТРГЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованы қабылдады. Президентке 2025 жылдың қорытындысы мен биылға арналған міндеттер таныстырылды.

Жұлдыз Сүлейменова жаңа Конституция құндылықтарын ілгерілету мақсатында оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында экологиялық білім беру стандарттары әзірленді. Сондай-ақ мектептерде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілуде.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа бастауыш білім берудің мазмұнына жүйелі талдау жасалғаны баяндалды. Мектеп бағдарламалары оқу, жазу және есептеу дағдыларына басымдық бере отырып, қайта қаралуда. Мемлекет басшысына «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 460 мың оқушыға арналған 217 білім ошағының құрылысы аяқталғаны жөнінде мәлімет берілді.

Саланы цифрландыру бойынша кешенді шаралар қолға алынған. Бүгінде мектептердің 99 пайызы интернетке қосылды. «Әлеуметтік әмиян» жобасы 6760 мектепке енгізілген. Дипломдар, аттестаттар мен анықтамалар цифрлық форматқа көшірілді. «Ұстаз» платформасы педагогтерді аттестаттау үдерісін толығымен автоматтандыруға жол ашады. 240 мыңнан астам мұғалім жасанды интеллектіні қолдану бойынша қайта даярлаудан өтті, тағы 200 мың педагог ChatGPT Edu жобасына сай ЖИ-ассистентті пайдалану машығын меңгеруде.

Министр инфрақұрылымды дамыту мақсатында 184 білім беру нысаны іске қосылғанын жеткізді. Үш ауысымды 80 және апатты жағдайдағы 31 мектептің мәселесі шешімін тапты. 209 білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 1192 пәндік кабинет заманауи қондырғылармен жабдықталды. Балабақшаға кезек 2 есеге жуық қысқарды.

Президент білім сапасын арттыру және оны қолжетімді ету, мектептердегі орын тапшылығын азайту, жұмысшы мамандарды даярлау жүйесін дамыту, бюджет қаржысын тиімді жұмсау, саланы цифрлық тұрғыдан трансформациялау, соның ішінде Qazaq Digital Mektebi жобасын іске асыру бойынша бірқатар міндет жүктеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы алдағы үш жылда «Келешек мектептері» жобасының озық тәжірибесін білім беру ұйымдарына енгізу маңызды деп санайды.

АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жанындағы Қоғамдық кеңестің жаңа құрамы алғашқы отырысын өткізді. Кеңес құрамына Парламент депутаттары, заңгерлер, ғалымдар, қоғамдық белсенділер мен медиа-менеджерлер енген, деп хабарлайды Elordainfo.kz ведомствоның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.



Отырыста Қоғамдық кеңестің құрылымдық және ұйымдастырушылық мәселелері қаралып, күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша тиісті шешімдер қабылданды. Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай мемлекеттік қызмет пен басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүзеге асырылып жатқан және жоспарланған жобалар туралы баяндады. Агенттік төрағасы Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының маңыздылығына тоқталып, шешім қабылдау барысында азаматтардың пікірін ескеру қажеттігін атап өтті. Қоғаммен ашық диалог орнату – мемлекеттік органдардың негізгі міндеттінің бірі.

Сондай-ақ соңғы төрт жылда мемлекеттік қызмет саласында іске асырылған реформалардың нәтижесі ұсынылды. Атап айтқанда, мемлекеттік грант негізінде оқу орнын үздік аяқтаған түлектерді аудандық және ауылдық деңгейдегі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындау тетігі енгізілді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында қызмет алушылардың құқығын проактивті түрде қашықтан мониторингтеу жүйесі іске қосылды.

Іріктеу және қабылдау үдерістерін толық цифрландыру аясында «Е-Қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі жаңғыртылды. Бұл бастамалар қоғам тарапынан оң бағаланып отыр. Агенттік төрағасы былтыр ведомствоға берілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы функциялардың орындалуына да тоқталды. Бұл жұмыс жүйелі түрде жалғасады.

Дархан Жазықбай алдағы кезеңде Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында кешенді жұмыстар жүргізілетінін жеткізді. «Біздің мақсатымыз – халыққа ашық, адал қызмет көрсететін, бюрократиядан арылған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыру» деді ол.

ҮКІМЕТ

САЛА ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Қазақстан машина жасаушыларының XIII форумының пленарлық отырысына қатысып, Kazakhstan Machinery Fair 2026 халықаралық мамандандырылған көрмесіндегі қазақстандық өндірушілердің жобаларымен танысты.

Машина жасаушылар форумы 1300-ден астам делегаттың басын қосты, оның ішінде Австрия, Германия, Италия, ҚХР және басқа да 20-дан астам елден келген жетекші өндірушілер, мамандар мен бизнес өкілдері бар.

Премьер-министр Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында және Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларына сәйкес, елімізде машина жасау саласын дамыту үшін болжамды әрі тұрақты орта қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мемлекет пен бизнестің ортақ міндеті – әділ және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік әріптестік жүйесін дамыту. Өткен жылы машина жасау өндірісі 5,7 трлн теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 13%-ға өсті. Отандық өндірушілер сыртқы нарықтарға анағұрлым батыл шығуда, соңғы 5 жылда экспорт көлемі екі еседен асып, $1,3 млрд-тан $3,1 млрд-қа дейін жетті. Республика бойынша барлығы 4 мыңға жуық зауыт жұмыс істейді, онда 130 мыңнан астам білікті маман еңбек етеді. Негізгі капиталға тартылатын инвестицияның үштен бірге өсуі – 376 млрд теңгеге жетуі саланы әрі қарай жаңғыртуға негіз болады. Барлық негізгі бағытта, оның ішінде, автомобиль, ауыл шаруашылығы, теміржол және электротехникалық машина жасау салаларында оң серпін байқалады.

Локализация деңгейін арттыру және қосылған құны жоғары өнім шығару мемлекеттің басым бағыты болып қала бермек. Бұл ретте қазіргі кезеңде құрастырудан өзінің инженерлік шешімдерін әзірлеуге және ел ішінде жоғары технологиялық активтер құруға көшуді жеделдету маңызды. «Өнімнің технологиялық деңгейі жаһандық бәсекелестік жағдайында негізгі факторлардың біріне айналуда. Шын мәнінде, бұл – цифрландыру, роботтандыру және жасанды интеллектіні енгізу деген сөз. Аталған үдерістер Президент қойған ауқымды міндеттер аясында ерекше маңызға ие болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, Қазақстан өңірдегі жетекші цифрлық хабтардың біріне айналуы тиіс. Бұл жылдың трансформацияның негізгі элементіне айналады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, өндірісте жасанды интеллектіні қолдану жабдықтарға техникалық қызмет көрсету шығындарын 40%-ға дейін төмендетеді. Қазақстанда да мұндай табысты мысалдар жеткілікті. «СарыарқаАвтоПром» кәсіпорнында жасанды интеллект ықтимал ақауларды алдын ала болжап, конвейердің кенеттен тоқтап қалуына жол бермейді. ERG-де цифрлық ассистенттер мен аналитикалық платформалар логистикадан бастап электр энергиясын тұтынуға дейінгі процестерді оңтайландырады, соның есебінен компания өткен жылы шамамен 55 млрд теңге үнемдеді. Осылайша, «ақылды» технологиялар нақты экономикалық пайда әкелуде.

Өнімді жобалау мен оның сапасын басқаруда ЖИ-ді қолдану ішінара автоматтандырудан кең ауқымдағы «ақылды зауыттар» құру кезеңіне көшуді қамтамасыз етіп отыр. Ұзақ мерзімді перспективада инновациялар отандық өндірушілерге шетелдік компаниялармен бәсекелесуге ғана емес, сонымен қатар жаһандық нарықтарда жаңа сапа стандарттарын орнатуға да мүмкіндік береді. Жаңа буын инженерлерін даярлауға басымдық бере отырып, адами капиталды дамытуға да баса назар аударылуда. Қазақстандағы білім беру гранттарының 60%-дан астамы инженерлік және IT-мамандықтарға бағытталған. Озық білім беру тәсілдері мен тәжірибелері отандық университеттерде де, жетекші шетелдік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарында да енгізілуде.

Пленарлық отырыс барысында Премьер-министр «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ басқарма төрағасы Мейрам Пішембаевтың өнеркәсіптік кооперацияны дамыту, өткізу нарықтарын кеңейту, өндірістерді жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу мақсатында Үкімет қабылдап жатқан іс-шараларға қатысты сұрағына жауап берді. «Өнеркәсіптің өңдеуші секторын дамыту – Үкімет жұмысының басты басымдығы. Қазақстанның даму болашағы осы міндетті қаншалықты табысты шеше алатынымызға байланысты болмақ. Біз қосылған құны жоғары терең өңделген өнімдерді өндіретін озық технологиялық ел боламыз ба әлде негізінен шикізаттық бағыттағы экономикамен даму жолымызды жалғастыра береміз бе? Міне, сондықтан мемлекет те, бизнес те өндірістік тізбектерді барынша құруға, қосылған құнды ел ішінде қалдыруға барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс» деді Олжас Бектенов.



Өткен жылдың қорытындысы бойынша сектордағы өндіріс көлемі 30,6 трлн теңгені құрады, осылайша ол үшінші жыл қатарынан өндіруші саланың көрсеткіштерінен асып түсіп отыр. Президент тапсырмасы бойынша Үкімет ел аумағында өндіріс орындарын ашатын компанияларды локализациялау және қолдауға баса назар аудара отырып, салмақты өнеркәсіптік саясат құруда. Жаңа Салық кодексінде бизнестің ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсайтын шығыстарынан 300%-ға дейін «супер шегерімдер» жасауға мүмкіндік беретін норма бекітілген. Мұндай салықтай ынталандыру шаралары ғылыми жетістіктердің басын қосып, оларды өндірістік процеске енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар экспорттық қолдауды қолжетімді ету қазақстандық өндірушілерді кеңінен қамтуға мүмкіндік беретініне де назар аударылды. Мұндағы маңызды қадам – жасанды интеллектіні енгізуді және процестерді автоматтандыруды жүзеге асыратын кәсіпорындарға жеңілдіктер беру. Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин өнеркәсіптік робототехниканы дамыту жөніндегі мемлекетаралық бағдарлама әзірленуде екенін, оған Қазақстанның белсенді қатысып жатқыны туралы хабарлады. Бұл ұлттық шараларды күн тәртібіндегі интеграциялық талаптармен үндестіруге және кооперация, локализация және технологиялар трансфері үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге жол ашады.

СУДЫ ҮНЕМДЕУ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Суды үнемде – болашақты сақта!» атты экосағат өтті. Іс-шараны Су ресурстары және ирригация министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі және Оқу-ағарту министрлігі бірлесе ұйымдастырды.



Индира БЕРЖАНОВА

Кездесуге Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Сенат депутаты Бекболат Орынбеков, ЕҰУ басқарма төрағасы-ректоры Ерлан Сыдықов, ЕҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Дархан Мыңбай қатысты. Жиында университеттің 500-ден астам студенті жиналып, өзге жоғары оқу орындарынан 2 мыңнан астам студент онлайн форматта қосылды. Экосағат «Адал азамат» мемлекеттік біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізіліп, экологиялық мәдениет, азаматтық жауапкершілік және су ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

Іс-шарада сөз алған Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов өз сөзінде су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесін қозғады.

«Мемлекет басшысы атап өткендей, су ресурстарын тиімді әрі ұқыпты пайдалану – елдің орнықты дамуының негізгі басымдықтарының бірі. Сондықтан суды үнемдеу – баршаға ортақ жауапкершілік. Қазақстанда судың шамамен 60 пайызы – ауыл шаруашылығына, 30 пайызы – өнеркәсіп мекемелеріне, қалғаны тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына жұмсалады. Әр бағыт бойынша суды үнемдеудің тиімді жолдары бар. Болашақта жас мамандар су ресурстарын тиімді басқару, жаңа технологияларды енгізу және экологиялық мәдениетті қалыптастыру ісінде айрықша рөл атқарады. Сондықтан сіздердің білімдеріңіз бен жаңа идеяларыңыз Қазақстанның су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлкен үлес қоса алады. Күнделікті өмірдегі тіпті шағын әрекеттердің өзі үлкен нәтижеге жеткізеді. Тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана біз еліміздің су ресурстарын сақтап, оны келер ұрпаққа аман жеткізе аламыз» деді министр.

Өз кезегінде ЕҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Дархан Мыңбай университет құрылымындағы өзгерістер мен су саласы бойынша дайындалып жатқан мамандар жайына тоқталды.

– Директорлар кеңесінің шешімімен Жаратылыстану ғылымдары факультеті қайта құрылып, Жаратылыстану ғылымдары институты ашылды. Бүгінде институтта 2700-ден астам студент білім алып, 130-дан астам оқытушы қызмет етеді. Мұнда гидрология және су ресурстары саласы бойынша мамандар даярлауға ерекше мән берілуде, – деді Д.Мыңбай.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бекболат Орынбеков су ресурстарын сақтау, экология және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер кезең-кезеңімен енгізіліп келетінін атады. Парламент Сенатында су мәселесіне, соның ішінде Арал теңізіне қатысты халықаралық келісімдер қарастырылып, оларды ратификациялау жұмыстары жүргізілуде.

ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кеше Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» қоғамдық кеңесінің биылғы алғашқы отырысы өтті. Отырыс барысында аталмыш кеңестің өткен жылғы жұмысы қорытындыланып, жаңа құрамы бекітілді. Инклюзивті мәдениет мәселелері, соның ішінде елордада тұратын ерекше қажеттілігі бар өнерпаздардың қазіргі жағдайы және оларды қолдаудың жаңа тетіктері талқыланды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жиынды ашып, жүргізіп отырған Amanat партиясы Астана қалалық филиалы саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі, аталмыш кеңес төрағасының орынбасары Әбдіғани Бәзілханұлы осы кеңес жұмысының мақсат-міндеттерімен, отырыстарды өткізу жиілігімен жаңа құрамымен таныстырды.

Кеңестің өткен жылғы жұмысының қорытындысына кеңес төрағасы Серікзат Дүйсенғазы толығырақ тоқталды. Оның айтуынша, былтыр төрт отырыс өткізілді. Сонда жалпы 10 мәселе көтеріліп, Тілдерді дамыту және архив ісі, Мәдениет басқармалары басшыларының баяндамалары тыңдалды. Кеңес мүшелерінен 12 ұсыныс түсіп, соның негізінде құзырлы мекемелерге хаттар жолданды.

Көтерілген мәселелердің қатарында жаңа салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне қазақша атау беру мәселесі Астана қаласы Қоғамдық кеңесі отырысына шығарылды. Композиторлар одағының Астана қалалық филиалының ғимараты жоқтығы мәселесі көтеріліп, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ғимаратынан оның төрағасына қызметтік бөлме берілді.

Кеңестің көшпелі отырыстарының бірі елордадағы №103 жайлы мектепте өтіп, осы оқу орнында көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы атында сынып ашу ұсынысын қалалық Білім басқармасы қолдады. Жалпы басқа мемлекеттік органдарға жолданған хаттарға қанағаттанарлық жауаптар берілді. Былтырғы отырыстардың бірінде кеңес төрағасы Серікзат Дүйсенғазы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының автотұрағын мемлекет меншігіне қайтару мәселесін көтеріп, қала басшысының қабылдауында болды. Сондай-ақ Серікзат Мақсұтұлы «Мыңжылдық аллеясы» мәселесін де көтерген еді. Бұл мәселелер бойынша тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр.

Инклюзивті мәдениет мәселелері бойынша қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Ақерке Жұманбаева баяндама жасады. Осыдан бес жыл бұрын қала әкімдігінің қолдауымен елордаңың «Жастар» театрының жанынан «Қанаттылар» инклюзивті театры ашылды. 2024 жылдың аяғында осы өнер ошағы «Жастардан» жеке-дара бөлініп шықты. Бірақ қазір «Қанаттылар» «Жастар» театрының ғимаратында әлі отыр. Сондықтан инклюзивті театр үшін ең өзекті ғимарат мәселесі болып тұр. Бұл театрдың жағдайымен толығырақ өнер ошағы директорының орынбасары Мәдина Қалмұратқызы мен театр қызметкері Раушанбек Дастан таныстырды.

Кеңес мүшелері сұрақтар мен ұсыныстарын жеткізді. Amanat партиясы Астана қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Мария Өтебаева отырысты қорытындылап, инклюзивті мәдениетті дамытудың мән-маңызы жөнінде әңгімеледі.

Астанада өткен Қазақстан машина жасаушыларының XIII форумы аясында №1 индустриалдық паркте орналасқан Локомотив құрастыру зауытында ашық есік күні ұйымдастырылды. Қалалық инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы қолдауымен өткен жиында теміржол технологиялары саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі Wabtec корпорациясының Қазақстанның жаңандық өндірістік және инженерлік тізбегіндегі стратегиялық маңызы туралы баяндалды.

ЗАУЫТ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Wabtec қазақстандық кеңсесі бүгінде ТМД өңіріндегі корпорацияның негізгі өндірістік технологиялық хабына айналып, ҚТЖ-мен ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестікті іске асыруда. 2009 жылдан бастап Wabtec технологиялары бойынша Астана локомотив құрастыру зауыты базасында жаңа буын локомотивтері – Evolution ТЭ33А(С), ТЭП33А және ТЭМ11 жүк және жолаушылар, маневрлік сериялары өндірісі жолға қойылды. Содан бастап ЛҚЗ 700-ден астам локомотив шығарды, оның ішінде тек ҚТЖ үшін ғана шығарылып қоймай, локомотивтер Тәжікстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан және басқа елдерге экспортталды. 2023 жылы Wabtec ЛҚЗ акцияларын кезең-кезеңімен сатып алуды аяқтап, Қазақстандағы ұзақ мерзімді инвестициялық міндеттемелерді бекітті және зауыттың 100% иесі болды.

Ел аумағында машинистің платформаларын, арбаларын, кабиналарын және 1200-ден астам жиынтықтаушы атаулы өнімдерді өндіру ісі локализацияланған. Бүгінде ЛҚЗ зауыты 700-ден астам жоғары білікті мамандарды жұмыспен қамтамасыз етеді, олардың едәуір бөлігі АҚШ-тағы wabtec өндірістік алаңдарында оқудан өтті. Іс-шара қонақтары еліміздегі ең ірі машина жасау кәсіпорнының өндірістік процестерімен танысуға және локомотив құрылысы саласындағы заманауи шешімдерді көруге мүмкіндік алды. Ашық есік күні аясында өнеркәсіп пен логистикадан бастап инфрақұрылымдық жобаларға дейін әртүрлі салаларда сұранысқа ие техника мен инженерлік шешімдер таныстырылды.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ӨНЕРІ

Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні аясында елорданың Нұра ауданының әкімдігі, Astana Opera мемлекеттік опера және балет театры, Abaqus-Daryn қоры және Болат Өтемұратов қоры бірлесіп қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырды.


Ерекше балалардың шығармашылығын қолдауға бағытталған қайырымдылық концерті көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Сонымен қатар аутизмі бар балалардың салған суреттері мен қолөнер бұйымдарының көрмесі ұсынылды. Іс-шараға Ақтөбе, Абай, Қарағанды өңірлерінен, Астана қаласынан 63 бала қатысты. Олар сахнада ән айтып, өнерлерін көрсетті.

Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсәметова шараның негізгі мақсаты – қоғамның назарын аутизм мәселесіне аудару, ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау және инклюзивті ортаны дамыту екенін айтты.

«Бүгін балалар өлеңін айтып, би билеп, өнерін ортаға салды. Мен оларды тәрбиелеп отырған ата-аналарына алғыс айтқым келеді. Біз мұндай балаларды ел болып, мемлекет болып қолдауымыз қажет» деді ол.

Іс-шараға қатысқан жас өнерпаздардың бірі Дарын Ажмолдаев болашақта әнші әрі IT-маман болуды армандайтынын жеткізді. Өнер арқылы жүректерді жақындатқан бұл кеш әр баланың мүмкіндігі шексіз екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

№39 (4937) 04/04/2026 Сенбі



ЕСІРТКІМЕН ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС

Елімізде есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес – құқық қорғау органдары қызметінің басым бағыттарының бірі. Себебі есірткі қылмысы – халықтың денсаулығына, әлеуметтік тұрақтылыққа және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін ұйымдасқан қылмыстың ең қауіпті түрі.

Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Еркеш Қалықов Ішкі істер министрлігі алқасының соңғы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы есірткі қылмысына қарсы іс-қимылды күшейту қажеттігін ерекше атап өткенін жеткізді. Осы ретте елордалық гарнизонның жеке құрамына, ең алдымен, синтетикалық есірткілерді таратудың арналарын анықтау және жолын кесуге бағытталған нақты міндеттер жүктелген.

СИНТЕТИКАЛЫҚ ТҮРІ КЕҢ ТАРАҒАН

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, елордаға келіп түсетін есірткінің негізгі бөлігі – синтетикалық заттар. Әдетте, олар жасырын есірткі зертханаларында өндіріледі, кейін интернет-ресурстар мен мессенджерлер арқылы таратылады. Жыл басынан бері елорда аумағында есірткінің заңсыз айналымына қатысты 238 дерек тіркелді. Оның ішінде 108 дерек қылмыс санатына жатады, 80 дерек – есірткі заттарын сату фактісі. Заңсыз айналымнан 105 келі 649 грамм синтетикалық есірткі тәркіленді.

Осы жылдың басынан бері ең ірі көлемде есірткі тәркіленген фактінің бірі – қаладан шығар жолда синтетикалық есірткінің ірі партиясының ұсталу фактісі. Полиция қызметкерлері Hyundai маркалы автокөлікті тоқтатқан. Көлікті 37 жастағы жүргізуші басқарған. Тоқтатқаннан кейін ер адам жаяу қашып кетуге әрекет жасағанмен, полиция қызметкерлері оны жедел түрде ұстап алды. Көлікке жүргізілген тексеру барысында жүксалғыш бөлігінен, қаптаманың астынан ұнтақ тәрізді зат салынған пакет табылған. Сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген заттың салмағы 2 келіден асатын Альфа-PVP синтетикалық есірткісі екені анықталды. Сонымен қатар көліктен вакууматор және zip lock пакеттері табылды. Бұл есірткі заттарын әрі қарай таратуға дайындау мақсатында қолданылғанын көрсетеді.

– Жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, Полиция департаментінің барлық бөлімшесіне жолданды. Негізгі назар есірткі зертханаларын анықтауға, жеткізу арналарының жолын кесуге және тыйым салынған заттарды таратуға пайдаланатын интернет-алаңдарды жоюға аударылуда, – дейді спикер.

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР БҰҒАТТАЛУДА

Есірткі таратылатын интернет-ресурстарды анықтауға ерекше назар аударылған. Осы мақсатта интернет кеңістігі тұрақты түрде мониторингтен өтеді. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде есірткі тарату туралы ақпарат орналасқан 447 сайт бұғаттауға жолданды. Сонымен қатар заңсыз қаржы операцияларында пайдаланылған 276 банк картасы бұғатталып, олардың жалпы сомасы 1117925 теңгені құрады. Алдын алу шараларының бірі ретінде 2025 жылы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 440-1-бабы күшіне енді. Бұл норма есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және күшті әсер ететін заттарды медициналық мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейді.

– Биыл есірткі тұтынғаны анықталған 355 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 297 адам қамауға алынды. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың алдын алудың 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары және «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы іске асырылуда. Ішкі істер министрлігінің бастамасымен 2026 жыл «Еріктілер жылы» болып жарияланды. Бұл жастар арасындағы профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталған, – дейді Еркеш Қалықов.

Мемлекеттік органдар үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп 90 профилактикалық іс-шара, яғни акция, семинар, дәріс пен түрлі кездесу өткізген. Соның бәріне 18 мыңнан астам жас қатысқан.

– Астана – елдің астанасы әрі ірі мегаполис ретінде экономикалық және әлеуметтік белсенділіктің орталығы. Құқық қорғау органдары есірткі қылмысына қарсы тиімді күрес тек мемлекет, қоғам және азаматтардың бірлескен әрекеті арқылы мүмкін екенін атап өтеді. Тек ортақ күш-жігер ғана есірткі қаупін төмендетіп, жас ұрпаққа қауіпсіз болашақ қалыптастыруға мүмкіндік береді, – дейді полиция өкілі.

ДРОППЕР МЕН ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТАН САҚТАН!

Елорда полицейлері 2026-2028 жылдарға арналған киберқылмысқа, телефон және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы аясында тұрақты түрде профилактикалық жұмыс жүргізуде. Оның негізгі мақсаты – жастардың құқыққа қайшы әрекеттерге тартылуына жол бермеу, сондай-ақ студенттердің өздеріне қатысты интернет-алаяқтық фактілерінің алдын алу.



Astana IT University студенттерімен өткен профилактикалық кездесу барысында полицейлер ашық диалог форматында заңнама талаптарын түсіндіріп, алаяқтықтың ең кең таралған түрлері мен олардың айла-тәсілдері туралы айтып берді. Бұл жастарды сақтандыру және құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті еске салу мақсатында ұйымдастырылды. Кездесу барысында дропперлер туралы бейнеролик, сондай-ақ басқа да әлеуметтік мазмұндағы видеолар көрсетілді. Дәрістермен қатар полиция қызметкерлері профилактиканың заманауи тәсілдерін белсенді қолдануда, атап айтқанда, әлеуметтік роликтер, қысқаметражды фильмдер мен көрнекі бейнематериалдар әзірлеп, маңызды ақпаратты жастарға түсінікті әрі қолжетімді түрде жеткізуде. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауатын арттырып, сыни ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тікелей қарым-қатынас студенттерге өзекті ақпаратты жеткізіп қана қоймай, алаяқтық схемаларға қарсы тұра білуге, цифрлық ортада қырағылық пен жеке жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді.

БАЛАҒА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Жыл сайын көктем мен жаз басталысымен балалардың терезеден құлау фактілері тіркеледі. Терезелердің жиі ашылуы, балалардың қараусыз қалуы және қауіпсіздік шараларының сақталмауы қайғылы жағдайға әкеліп соғады. Осыған орай елордада төтенше жағдайлар, құқық қорғау және денсаулық сақтау мамандары дабыл қағып, балаларды қараусыз қалдырмауды ескертті.

Астана қаласының Коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Қуаныш Тоқсарин, Астана қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция полковнигі Марат Өмірбаев, Астана қаласы әкімдігінің №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы медициналық қызметтердің сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі директордың орынбасары Медет Нұғыманов балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардың алдын алу және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мәселелерін қозғады.



Статистика деректеріне сәйкес, мұндай оқиғалардың басым бөлігі 1-6 жас аралығындағы балалар арасында тіркеледі. Қайғылы жағдайлардың негізгі себептері қатарында ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруы, терезелерде арнайы қорғаныс құрылғыларының болмауы, сондай-ақ масадан қорғайтын торларға артық сенім арту фактілері жиі кездеседі. Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті елорда тұрғындары мен қонақтарына балалар қауіпсіздігіне ерекше назар аударуды ескертеді. Мамандардың айтуынша, үйде кішкентай бала болған жағдайда, терезелерді ашық қалдырмау аса маңызды. Сондай-ақ балаларды қараусыз қалдырмау, әсіресе олардың терезе мен шыны есіктердің жанында ойнауына жол бермеу қажет. Москит торлары қауіпсіздік құралы емес. Балалар оларды тірек ретінде қабылдап, сүйенген жағдайда торымен бірге құлап кетуі мүмкін. Осыған байланысты терезелерге арнайы қауіпсіздік құлыптарын орнату және жиһазды терезеге жақын орналастырмау ұсынылады.

– Астана қаласында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында профилактика жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Жыл басынан бері полиция қызметкерлері 2304 дәріс оқып, 500-ден астам жадынама таратқан. Сонымен қатар ақпарат-түсіндіру жұмыстары аясында 2900 тұрғын үй чаттарына және 250-ге жуық ата-аналар чаттарына арнайы хабарламалар жолданған. Жыл басынан бері ата-аналармен 197 жиналыс ұйымдастырылып, оған 6063 адам қатысқан. Бұдан бөлек, полиция қызметкерлері азаматтармен тұрақты түрде кездесулер өткізіп келеді. Профилактикалық шаралар білім беру ұйымдарында және ата-аналар жиналыстарында да жалғасуда, – дейді полиция полковнигі Марат Өмірбаев.

Мамандар ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін ескертіп, бұл талаптарды орындамаған жағдайда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабына сәйкес жауапкершілік қарастырылғанын атап өтті.

Балалардың терезеден құлауын алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті ювеналдық полиция қызметкерлерімен, МИБ төрағаларымен және еріктілермен бірлесіп, көпқабатты тұрғын үй кешендерінің тұрғындары арасында түсіндіру жұмысын жүргізуде. Қазіргі таңда олар 15-тен астам тұрғын үйді аралап, 100-ден астам жадынаманы кіреберістер мен лифтілер маңына ілді. Жалпы 1500-ден астам тұрғын ақпаратпен қамтылды. Қаладағы 20 мектепте 800-ден астам оқушыны қамти отырып дәрістер өтті. Сонымен қатар 18 балабақшада арнайы сабақтар ұйымдастырылды. Ақпарат жадынамалары WhatsApp мессенджері арқылы ата-аналар, МИБ және ПИК чаттарында кеңінен таратылуда. 2025 жылы әлеуметтік осал отбасылардың пәтерінде 1220-дан астам қауіпсіздік құлпы орнатылды. Оның ішінде №2 қалалық көпбейінді балалар ауруханасында 100 блокиратор қойылған. Ал биыл жыл басынан бері 6 қауіпсіздік құлпы қойылды.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және жолдың бұзылуының алдын алу мақсатында биыл 1 сәуірден бастап Астана қаласында ауыр жүк көліктерінің қозғалысына бақылау күшейді.



Бұл жұмыстарды ҚР Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті қала әкімдігі және полиция органдарымен бірлесіп жүзеге асыруда. Бақылау шаралары қалаға кіретін және шығатын негізгі бағыттардағы жылжымалы көлік бақылау бекеттері арқылы, сондай-ақ автоматтандырылған салмақ өлшеу станцияларының көмегімен іске асып жатыр. Белгіленген салмақ параметрлерінен асып кеткен жағдайда, құқық бұзушыларға бұзушылық деңгейіне қарай айыппұл санкциялары қолданылады. Сонымен қатар 2025 жылғы 23 наурыз бен 1 мамыр аралығында республикалық маңызы бар автомобиль жолдарымен жүретін көлік құралдары үшін осьтік жүктемеге қосымша шектеулер енгізілген. Астана қаласы жолдарының сақталуын және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыр жүк көліктеріне бақылау жұмысы жалғасады.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Жыл басындағы дерек бойынша Астана қаласында 153 мыңнан астам зейнеткер тұрып жатыр. Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы төлемдерінің мөлшері артып, осы кезеңнен бастап жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдері 10 пайызға ұлғайды. Айта кететін нәрсе, зейнетақы мемлекеттік бюджеттен және жеке адамның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салған жарналарының жинақтарынан төленеді.

Айгүл УАЙС

Еліміздегі зейнетақы жүйесінде өзгерістер XX ғасырдың 90-жылдарында басталды. Ел тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап Қазақстан Республикасы посткеңестік елдер арасында алғашқылардың бірі болып зейнетақы жүйесіне реформа жүргізген еді. Соның нәтижесінде 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап елде жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілді. Оның басты мақсаты – экономиканың өсуін ескеретін, қаржы тұрақтылығын және зейнетақы жарнасының жеке сәйкестендіру есебі арқылы еңбек үлесіне теңесетін әділ жүйе құру.

Жаңа реформаға дейін қолданылған, Кеңес Одағынан мұраға қалған зейнетақы жүйесі толықтай ұрпақтар ынтымақтастығы қағидатына негізделген еді. Бұл жүйеде еңбекке қабілетті халық өз еңбегі арқылы қарт адамдарды қамтамасыз ететін. Алайда Кеңес Одағының ыдырауы және елдің экономикалық көрсеткішінің күрт нашарлауы зейнетақымен қамтамасыз етудің «ынтымақты» моделіне де кері әсерін тигізді. Жүйені реформалау нәтижесінде бүгінде Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесі қызмет атқарады.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің негізін құрайтын «базалық» және «ынтымақшыл» зейнетақы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады және зейнетақы жүйесіне қатысушылардың барлығына тағайындалады. Оның мөлшері еңбек өтіліне және жүйеге қатысу уақытына байланысты. Ынтымақты зейнетақы бұрынғы солидарлық зейнетақы жүйесіне қатысқан азаматтарға ғана төленеді. Яғни бірінші деңгей (базалық) – зейнетақы жасына жеткен барлық азаматқа тағайындалатын мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (ерлер – 63 жаста, әйелдер 2022 жылы – 60,5 жаста (әр жыл сайын 6 айға 10 жыл ішінде 63 жасқа дейін кезең-кезеңмен өседі). Қарт адамдардың табысының өсуіне әкелетін және кедейшіліктің алдын алуда басты құрал болған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі 2005 жылдан енгізілді. Бұл бұрын барлығына бірдей мөлшерде төленсе, енді 2018 жылдан бастап оның мөлшері әр алушыға жеке зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты анықталады. Базалық зейнетақының мөлшері күнкөрістің төменгі деңгейі көлеміне байланысты болғандықтан, жыл сайын инфляция деңгейінде артады.

2013 жылғы маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. Бұл заң басқа реформалармен қатар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құруды көздеді, бұл тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік қажеттілікпен де байланысты. Қазіргі жинақтаушы зейнетақы жүйесінде зейнетақы жарналарының үш түрі бар. Міндетті зейнетақы жарналары – бұл ай сайынғы табысыңыздан ұсталатын және зейнетақы шотыңызға аударылатын ай сайынғы табысыңыздың 10 пайызы. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлерге арналған. Жұмыс беруші қызметкерлердің табысының 5 пайызын олардың зейнетақы шотына аударады, яғни бұл жарналар қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, бірақ жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен төленеді. Ерікті зейнетақы жарналары – өз ықтиярыңыз бойынша зейнетақы капиталыңызды толтырудың қосымша тәсілі. Ал егер сіз өзіңөзі жұмыспен қамтыған немесе жеке кәсіпкер болсаңыз, онда жарналарды өзіңіз төлейсіз. Жеке түрде табыстың 10 пайызы мөлшерінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады. Зейнетақы жарналарының тағы бір түрі – ерікті жинақтаушы жарналар. Оларды азаматтар өз еркімен төлейді және болашақта базалық зейнетақыға жақсы қосымша бола алады.

1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде 6 айдан кем емес еңбек өтілі бар тұлғалар ынтымақшыл зейнетақы алуға құқылы. Олардың мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтарда жасалған еңбек өтілінің санына және зейнет алдындағы табыс деңгейіне байланысты (еңбек өтілі мен табыс неғұрлым жоғары болса, ынтымақшыл зейнетақы мөлшері соғұрлым жоғары).

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жасына байланысты зейнетақы төлемін толық көлемде есептеу барысында орташа айлық кірістің 60 пайызы есебінен жүргізіледі және 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген 3 жыл ішіндегі орташа айлық кіріс негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Алдағы 3 жылда 1963-1966 жылы туған ерлер мен 1965-1967 жылы туған әйелдер зейнетке шығады. Сол себепті қазір – болашақ зейнетақы мөлшерін қадағалап, маңызды мүмкіндіктерді жіберіп алмаудың соңғы кезеңі. Ол үшін не істеу керек?

* Міндетті зейнетақы жарналарын тексеріңіз. 1998 жылдан кейінгі еңбек өтілі дәл осы жарналар арқылы есептеледі.

* Еңбек кітапшаңызды мұқият тексеріңіз. Ол бойынша 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі есептеледі. Сол себепті мына мәліметтерге назар аударыңыз. Ең бастысы, барлық жұмыс кезеңі көрсетіліп, жазбалар анық оқылады ма? Мөрлер мен қолтаңбалар қанық басылып, анық жазылған ба? Қателер болса немесе күмән туындаса, архив анықтамалары арқылы растау қажет.

* Барлық құжаттардың: жеке куәлік, диплом, балалардың туу туралы куәліктері (әйелдер үшін), әскери билет (ер адамдар үшін) дұрыс және қатесіз жазылғанына көз жеткізіңіз.

ТАЛПЫНҒАНҒА ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

Елордалық еңбек нарығында бос жұмыс орындары жоқ емес, бар. Әсіресе Астанада ұсынып отырған жалақыны төмен деуге келмейді. Шамамен 200 мың теңгеден жоғары. Оның ішінде құрылыс саласындағы мамандардың, слесарь, дәнекерлеушінің жалақысы өте жақсы.

Бұл салаларда жалақы 400 мың теңгеден басталып, одан әрі өздерінің атқарған жұмыс ауқымына қарай табысы өсіп отырады.

Иә, қазір жұмысшылардың талабы жоғары. Жұмысшыға, қол еңбегіне сұраныс көбейіп жатқан соң солай болуы да заңдылық шығар. Табылып тұрған жұмысты үйден қашық дейтіндер де кездеседі. Мейлі, талабы жоғары болса болсын. Бірақ қабілеті талабына сай келмейтіндерді қайтеміз? Кәсіптік білімі болмаса да, тым жоғары жалақы сұрайтындар да жетеді.

Бізге кәсіптік білімі бар болғанымен, еңбек тәжірибесі жоқ мамандар жиі келеді. Оларды тәжірибе жинасын деп «Жастар практикасы» арқылы жұмысқа орналастыруға тырысамыз. Әсіресе, бірнеше зауыт шоғырланған өнеркәсіп парктеріне жіберуге күш саламыз. Сонда байқағанымыз, ондағы кәсіп иелері жас мамандарды жұмысқа тартуға құлықсыз. Небір сылтау айтып, шығарып салады. Тіпті дәнекерлеушілер де сол төңіректен жұмыс таба алмай жатады. Жастардан тәжірибе, білік талап етеді. Ал жас мамандар қайдан, қалай тәжірибе жинайтынын бізден сұрайды. Бұл жұмысшы мамандығын оқыған түлектерді тұйыққа тірейді. Содан жастар бос жұмыс орнын күтуден жалығып, амалсыз курьер болады, көлігі барлары такси жүргізеді. Сөйтіп оқуын кеше ғана тәмамдап, жұмысшы болуға ұмтылған жастардың жігері құм болып, жарты жылда машығын ұмыта бастайды. Оқу бітірген талапты жасты бірден жұмысқа алса, мамандыққа тез-ақ үйренер еді. Жастарды жуытпай, көрші елден жұмысшы тартатындар да бар. Оларға инженер, механик, слесарь өзімізден де табылатынын айтамыз. Қайтаратын уәжі: «біздің жұмысшылардың санаты төмен, таппаған соң шетелден шақырдық» дейді. Сол шетелден шақырған маманға миллиондап жалақы төлейді. Бұл да жұмысшы мамандардың еңбек нарығына бірден араласуын тежеп тұрған мәселе. Олар «Жастар практикасы» бағдарламасымен жалақының бір бөлігін мемлекет төлеген соң ғана жастарымызды жұмысқа алып жүр. Шын мәнісінде, бағдарламамен келген жасты жұмысқа баулып, бағыт-бағдар көрсетіп, арқасынан қағып, еңбекке шыңдауы керек қой. Алайда «Жастар практикасының» мерзімі өткен соң, маманды тұрақты жұмысқа алудан бас тартатындар көп. Тауы шағылған маман бізге қайтып келіп, жұмыссыз ретінде тіркеледі. Содан соң жұмыс берушілер жастарды ынталандыратын жап-жақсы бағдарламаның мәнін жете түсінбей ме деген ойда қаламыз.

Кім-кім де болса жақсы жұмыс істесем, қаржы жағдайым тұрақты болса дейді. Осы салада жүрген соң көп нәрсені түсіндік. Қазір балаларымызға «келешекте заңгер, бухгалтер боламын деп ойлама, жұмысшы мамандығын игер» дегенді жиі айтамыз. Жарық, су, жылу беретін, қала тазалығына жауапты мамандарға көктен қарайтындар, өкінішке қарай, қоғамда кездеседі. Мұның барлығы, түптеп келгенде, үйдегі тәрбиеден, таным-түсініктен басталады. Ертеректе үлкендер ұрпағына жоғары білім ал, ғалым бол десе деген шығар. Дегенмен қазір қолмен істейтін шаруаға қыры барлар жерде қалмайды. Адамның шеберлігін, қабілетін, өнерін ешкім тартып ала алмайды.

Жасырып несі бар, кәсіптік білім беретін колледжге баруға намыстанатындар көп. Ата-аналар да баланың кәсіптік білім алсам деген ұсынысын қолдай бермейді. Балаларға мектепте, отбасында дұрыс бағыт-бағдар бермеген соң қайда барарын, кім боларын білмей жүрген жастар көп. Оларға жұмысшы мамандықтары болашақтың мамандығы екенін түсіндіру керек. Ортақ шаруаға үйде ата-ана, мектепте мұғалім араласуы қажет. Сонда ғана «келешекте жұмысшы мәртебесін қалай арттырамыз?» деген сауалға нақты жауап аламыз.

Мейрамгүл ИМАШЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс бөлімінің басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУДІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесіне қойылатын талап күн өткен сайын артып келеді. Өйткені мемлекет қызметінің сапасы, ең алдымен, сол жүйеде еңбек ететін кадрлардың кәсібилігіне, адалдығына, жауапкершілігіне және нәтижеге жұмыс істей білу қабілетіне тікелей байланысты.

Қоғам да бүгінгі мемлекеттік қызметшіден жай ғана орындаушылықты емес, бастамашылдықты, ашықтықты, әділдікті және халықпен тиімді жұмыс істей алатын жаңа сапаны күтеді. Осындай жағдайда мемлекеттік қызметте өсу мәселесі ерекше маңызға ие. Ал осы өсудің басты тетігі әрі әділ өлшемі – меритократия қағидаты.

Меритократия – бұл қызметтік ілгерілеу адамның жеке байланысына, таныстыққа немесе өзге де бейресми факторларға емес, оның біліміне, кәсіби даярлығына, еңбек нәтижесіне, іскерлік қабілетіне және нақты жетістіктеріне негізделуі деген сөз. Яғни мемлекеттік қызметте өсуге лайықты адам өз еңбегімен, білігімен, кәсіби ұстанымымен жетуі тиіс. Бұл – заман талабы ғана емес, тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастырудың басты шарты.

Мемлекеттік қызмет – ел тағдырына тікелей әсер ететін айрықша сала. Сондықтан бұл жүйеде әрбір кадрлық шешім мемлекет мүддесіне сай қабылдануы қажет. Егер қызметке тағайындау мен жоғарылату әділ жүзеге асса, онда жүйенің сапасы артады, қоғамның сенімі күшейеді, ал мемлекеттік органның жұмысы нәтижелі бола түседі.

Мемлекеттік қызметте өсуге ұмтылатын әрбір азамат меритократияны тек мүмкіндік ретінде емес, үлкен жауапкершілік ретінде де түсінуі керек. Себебі бұл қағидат адамнан үздіксіз ізденісті, өзін-өзі жетілдіруді, адал еңбек етуді, уақыт талабына сай болуды талап етеді. Нағыз кәсіби өсу – күнделікті еңбектің, тәртіптің, білімнің және қызметке деген құрметтің нәтижесі. Мемлекетке қызмет ету жай ғана жұмыс емес, ол – қоғам алдындағы зор жауапкершілік. Сондықтан бұл салада өсуге қол жеткізу үшін адамның кәсібилігімен бірге оның ішкі құндылықтары да берік болуы қажет.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметте өсу мәселесі меритократия қағидатымен ажырамас байланыста қарастырылуы тиіс. Атап айтқанда, әділдікке негізделген кадр саясаты ғана сапалы мемлекеттік аппарат қалыптастыра алады. Білім мен білік, еңбек пен нәтиже, адалдық пен жауапкершілік басты орынға шыққан кезде ғана мемлекеттік қызметтің шынайы беделі артады. Ал мемлекеттік қызметтің беделі артқан жерде қоғамның сенімі нығаяды, ел дамуы жеделдейді. Сондықтан меритократия – мемлекеттік қызметті дамытудың негізгі бағыты, ал әділ қызметтік өсу – сол бағыттың нақты жемісі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

№39 (4937) 04/04/2026 Сенбі

ЖАНАШЫРЛЫҚ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Қоғамда еріктілік қызметі көбіне жастармен байланыстырылады. Алайда ізгілік пен жанашырлық жас талғамайтынын Астана қаласындағы белсенді зейнеткерлер дәлелдеп келеді. Бүгінде елордамыздың Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында жалпы 19 638 зейнеткер тіркелген болса, соның 15 167-сі – әйелдер. Осы мекемеге қарасты «Күміс еріктілер» клубында 100-ден аса зейнеткер бар. Олардың орта жас шамасы – 61 мен 75 жас аралығында.

Шапағат ӘБДІР



Өмірлік тәжірибесі мол бұл жандар қоғамға пайдасын тигізуді, өзгеге қол ұшын созуды азаматтық парыз деп біледі. Сондықтан да шығар, ерікті ата-әжелер қалада ұйымдастырылатын түрлі қайырымдылық акциялары мен экологиялық сенбіліктерге белсене қатысады. Сонымен қатар олар тегін шеберлік сабақтарын өткізіп, ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында қала мектептері мен студент жастармен бірлесіп жұмыс атқарып келеді. Мұндай кездесулерде қариялар өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар береді.

Осындай белсенді жандардың бірі Нұра ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінде қызмет алушы зейнеткер – Рауза Исмурзина. Кейіпкеріміз – өмір бойы мәдениет саласында еңбек етіп, кітапхана ісін дамытуға үлкен үлес қосқан жан. Қазір де зейнеткерлік жасына қарамастан қоғам жұмысына белсене араласып, волонтерлік қызмет арқылы адамдарға көмектесуді жалғастырып келеді.

«Мен 1955 жылдың 12 тамызында Семей облысында дүниеге келдім. 1972 жылы Семей облысы Жаңа-Семей ауданы Знаменка орта мектебін бітірдім. Кейін 1974-1976 жылдары Семей қаласындағы Абай атындағы кітапхана техникумында білім алдым. Ал 1991 жылы Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтының тарих және кітапханатану факультетін тәмамдап, кітапханашы-библиограф мамандығын алып шықтым. Еңбек жолымды 1976 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Тұғыл поселкелік кітапханасында аға кітапханашы болып бастадым. 1977 жылы ауданның орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне ауысып, кейін сол жүйеде түрлі қызметтер атқарып, ақыры директор қызметіне дейін көтерілдім. Кітапхана – мен үшін жай ғана жұмыс орны емес, рухани орда болды. Сол жылдары Зайсан өңірінде жер сілкінісі болып, көптеген мекемелердің жағдайы қиындады. Кітапхананың да жағдайы мәз болмады. Сол кезде кітапхананың жай-күйін айтып, сол кездегі Премьер-министрдің орынбасары Қуаныш Сұлтановтың қабылдауына кіріп, мәселені жеткізген едім. Соның нәтижесінде кітапханаға жаңа ғимарат беруге ықпал жасалды» дейді Рауза Ғалиақпарқызы.

2004 жылы Рауза Ғалиақпарқызы Өскемен қаласына қоныс аударып, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты бірнеше кітапханада қызмет атқарған. Ол жерде библиограф, бөлім меңгерушісі сияқты жауапты жұмыстарды атқарып, осы салада ұзақ жыл еңбек еткен.

«Өскемен қаласындағы кітапханалардың бірінде бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеп жүріп зейнетке шықтым. Бірақ зейнеткерлікке шықтым екен деп үйде отырып қалған жоқпын. Кейін Оралхан Бөкей атындағы орталық қалалық кітапханада тағы үш жыл библиограф болып еңбек еттім. Өйткені кітап пен оқырманнан алыстау мен үшін қиын еді» дейді ардагер кітапханашы.

Рауза Ғалиақпарқызы тек кітапхана ісімен ғана емес, шығармашылықпен де айналысқан. Өмір бойы қаламды серік етіп, аудандық, облыстық және республикалық газет-журналдарда түрлі тақырыптағы мақалаларын жариялап отырған.

«Менің мақалаларым көбіне өлкетану, тіл, тарих, Желтоқсан тақырыбы және кітап насихаты жайында болды. Алматыдан шыққан «Тарихқа толы Тарбағатай» альманағының бес томына үш мақалам енді. Сонымен қатар өлкетанушы Зейнолла Қайсеновтың «Шығыс Қазақстан облысының тарихи очерктері» кітабына «Тұғылдың қысқаша тарихы және Зайсан көлі туралы кейбір деректер» атты зерттеу мақалам жарық көрді. Бұл материал кейін интернетке де жүктелді» дейді ол.

Сондай-ақ оның «Даналық сарайы» атты мақаласы С.Ақановтың «Ғасыр көші» кітабына енгізілген. Ал 2020 жылы өлкетану тақырыбына арналған 331 беттен тұратын «Тұғыл – тұғырлы мекен» атты кітабы Өскемен қаласында жарық көрген.

«Өскеменде тұрған жылдары қаланың мәдени-рухани өміріне белсене араластым. Түрлі әдеби кештер мен қоғамдық шараларға қатысып жүрдім. Сонымен қатар «Ақ босаға» халықаралық волонтерлер форумына қатысып, қоғамға пайдалы істердің маңызын тағы бір мәрте түсіндім. Қазір де мүмкіндігінше адамдарға көмектесіп, жастарға тәжірибемен бөлісуді өзіме парыз санаймын» дейді Рауза Ғалиақпарқызы.

Бүгінде ол – «Күміс еріктілер» клубының белсенді мүшелерінің бірі. Жастармен кездесулерге қатысып, кітап оқу мәдениетін насихаттайды, түрлі әлеуметтік шараларға атсалысады.

«Ерікті болу – тек көмек көрсету емес. Бұл – адамның жүрегіндегі мейірімділікті бөлісу. Біз өмір бойы жинаған тәжірибемізді жастарға жеткізе алсақ, қоғам үшін жасаған ең үлкен қызметіміз сол деп ойлаймын» дейді ардагер ерікті.

Шынында да, Рауза Ғалиақпарқызы сияқты жандардың өмір жолы – жас ұрпақ үшін үлгі. Олар зейнеткерлік жастың да белсенді, мазмұнды әрі қоғамға пайдалы кезең бола алатынын дәлелдеп келеді.

ШЕТТЕ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚТЫҢ ШАҢЫРАҒЫ

Түрлі себеппен шетелде жүріп, туған ел мен жерді аңсап жүрген қазақтар қаншама. Бірі білім алса, енді бірі жұмыс істеп, табыс табу үшін мұхит асқан. Елден жырақтап, шет жерде жүргендер өсіп-өнген Отанын бір сәтке де есінен шығармақ емес. Шетке шыққанда туған ел мен жердің қадірі тіптен артады емес пе?! Мұны сөз еткен астаналық жастар Польша төрінде Ne Äñgime атты қауымдастық құрды. Бүгінде тарыдай шашылған қазақтың басын қосып, бір шаңырақ астында біріктіріп отыр.

Индира БЕРЖАНОВА

Елордалық 24 жастағы қыздар Марья Ермагамбетова мен Перизат Әлімқұл Польша астанасы Варшавада бірнеше жылдан бері тұрып келеді. Қазір бір мектепте өнер мен дизайн және IT пәндерінен сабақ береді. Осыдан бір жыл бұрын Еуропада қазақтардың қауымдастығын құрады. Негізгі көздегендері – жастар арасында ана тілін ұмыт қылмай, қазақы болмыс пен түп-тамырдан ажырамай, ұлттық салтты сақтау.

«Бұл жоба туралы идея ана тілімізге деген сағыныштан туды. Қазақша сөйлегім келсе де, достармен бірге жүргенде әңгіме өзге тілге ауысып кететін, солай «ыңғайлырақ» сияқты көрінетін. Уақыт өте келе қазақ тілінде еркін әрі тұрақты сөйлесетін орта керек екенін түсіндік. Сол кезде Украинадан келген достарымның өз тіліне қаншалықты құрметпен қарайтынын көрдім. Ал Перизат поляк сөйлеу топтарына, сондай-ақ украин және беларусь қауымдастықтарының іс-шараларына қатысып жүрді. Осы ойлар тоғысып, біз де қазақтың атынан қауымдастық құруды жөн көрдік» деп бастады әңгімесін Марья Ермагамбетова.

Бастапқыда Ne Äñgime тек әңгімелесіп, сырласу мақсатында кездесулер өткізді. Уақыт өте келе қатысушылардың түрлі белсенділіктерге қызығушылығы бар екені байқалды. Ал қазірде апта сайын түрлі форматтағы жиындар, ойын кештері, спорттық іс-шаралар өткізіліп тұрады. Кемі 15-20-дан астам адам келіп, пікір алмасып тұрады. Ал Наурыз, Республика не Тәуелсіздік секілді атаулы күндері келушілер саны тіпті артады. Мәселен, былтыр жыл соңында Тәуелсіздік күні мен қауымдастықтың бір жылдық кешіне арналған іс-шараға 100-ден астам адам жиналды. Мұндай кездесулерге бауырлас халықтың өкілдері де қоса шақырылып, осылайша қанға сіңген қонақжайлық қай елде де қазақтың өзімен бірге ілесіп жүреді. Қауымдастық негізін қалаушылардың ұйымдастыруымен бір жыл ішінде 40-тан астам кездесу өткізілді. Айта кетерлігі, осының барлығы тұрақты қаржыландырусыз, не бір ауқымды командасыз, тек қыздардың ынтасы мен ниетінің, сұраныстың артуы мен адамдардың қолдауының арқасында жүзеге асып отыр.

«Қауымдастықтың негізгі аудиториясы – студенттер, бакалавр, магистратурада оқитын білім алушылар және алмасу бағдарламасымен келген жастар. Себебі олар көбіне жаңа ортаға жалғыз келеді, ешкімді танымайды және қолдауға мұқтаж болады. Біз оларды жақсы түсінеміз, өйткені өзіміз де осы жолдан өткенбіз. Сонымен қатар Варшаваға басқа қалалардан көшіп, не жұмыс істеу мақсатымен келгендер және отбасымен қоныс аударған адамдар да бар. Біздің басты мақсатымыз – адамдарға танысуға және бір-біріне қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін жайлы орта құру, сол арқылы өз мәдениетімізге етене жақын болу. Сондықтан Ne Äñgime тек іс-шаралар өткізетін алаң емес, адамдарға тірек болатын, өз үйіндей сезінетін кеңістік деп ойлаймыз» деді жоба авторы.



Шетелдегі қазақтар осылайша бір-бірімен жиі бас қосып, бауырсақтан дәм татады, күй төкпелетіп, ән әуелетеді. Бұл әрқайсысының Отанға деген құрметінен, сүйіспеншілігінен болса керек. Шетте жүрген жастың да, кәрінің де көкейінде Отанға деген сағыныш бар. Бұл – анық нәрсе. Қазірде Еуропаның түкпір-түкпірінде, атап айтқанда, Ұлыбритания, Италия, Бельгия, Германия, Австрия, Чехия, Венгрия және Испанияда мұндай бастамалар қолға алынған. Мұндай ортаның көп болғаны қазақ диаспорасын жақындатып қана қоймай, өзге ұлт өкілдеріне бауырластықтың үлгісін көрсетеді.

– Біз үшін ең бастысы – қатысушыларымыз. Олардан алғыс сөздерін естіген сайын, дұрыс жолда келе жатқанымызды түсінеміз. Көп жағдайда адамдар Ne Äñgime арқылы ортақ қызығушылығы бар жандарды кездестіреді. Кейбір қатысушылар жаңа орта арқылы жұмысқа орналасса, ендігілері іс-шараларда танысып, өз жұптарын тапқан. Сонымен қатар біз әртүрлі мәдениеттер арасындағы байланысты нығайтып, Польшада шетелдіктерге Орталық Азия мәдениетін таныстыруды жалғастырып келеміз, – деді Марья.

Елдегі қарапайым болып көрінген дүниелердің шетте жүргенде қадірі еселеп артады. Сондықтан мұндай бастамаларға жүрдім-бардым қарай салуға болмайтыны анық. Себебі мұның бәрі – қазақы салт пен мәдениет. Мұны сөз еткен астаналық жастардың көпшіліктің көңілінен шықса екен деген ниеті басым болғандықтан, әр жиынды сапалы өткізіп, келушілердің дамуына қандай да бір үлес қоссақ деген жалғыз тілегі бар.

Иә, жаһандану етек жайған сайын қазақстандықтар кәсіп пен білім іздеп аттанатын елдердің картасы кеңейіп келеді. Өзара бірлік пен төл мәдениетке деген ықыласы, жерге деген сағынышы барда бұл отандастарымызды қазақ әлемінен ештеңе де ажырата алмас.



ҰЛТТЫҢ АСЫЛЫН АСҚАҚТАТҚАН

1966 жылдың 1 қаңтарында Қазақ радиосының «Соңғы хабарлар» редакциясының жанынан ақпаратты-сазды «Шалқар» бағдарламасы тұсауын кесті. «Шалқар» бағдарламасы бірден жеке толқында эфирге шығарылды. Бертінге дейін Қазақ радиосы республикалық бірінші арна атанып келсе, «Шалқар» республикалық екінші арна атанды.

Қазақ радиосының құрамындағы «Шалқар» бағдарламасы 1999 жылы жабылғанға дейін «Шалқар» арнасы атанып келсе, 2002 жылы қайта ашылғаннан кейін (2 жыл 11 айлық уақытша үзілістен соң) «Шалқар» ұлттық арнасы деген атау қалыптаса бастады. Ал 2014 жылғы 10 ақпанда «Қазақстан» РТРК АҚ басқарма төрағасы Нұржан Мұхамеджанованың №64-к бұйрығымен радиохабар тарату дирекциясы құрылып, оған 4 радио (Қазақ радиосы, «Шалқар» радиосы, «Астана» радиосы және «Classic» радиосы) енді. Осы бұйрықпен «Шалқар» арнасы тұңғыш рет «Шалқар» радиосы болып қайта құрылды. Ал 2016 жылы 14 желтоқсанда «Қазақстан» РТРК» АҚ-тан өз алдына бөлек, құрамындағы 4 радиомен «Республикалық радио» ЖШС құрылғаны хабарланды. 2017 жылы 30 қазанда «Республикалық радио» ЖШС атауы «Қазақ радиолары» ЖШС болып өзгерді. Сонымен, тек мемлекеттік тілде, қазақ халқының ұлттық-рухани құндылықтарын насихаттау бағытында хабарлар мен музыкалық шығармаларды эфирге беретін «Шалқар» радиосы бүгінде «Қазақ радиолары» ЖШС құрамында хабар таратады.

«Шалқар» радиосы ұлттық арна атына сай 2020 жылдың 1 қыркүйегінде басталған жаңа маусымынан тек қана қазақтың дәстүрлі музыкасын, ұлттық мәдениеті мен әдебиетін, бабалар мұрасы – қазақтың әні мен күйін, ретро музыкасын, өткеніміздің сыр шертетін «Алтын қордағы» асыл қазыналарын насихаттауға бет бұрды.

1966 жылы «Шалқар» бағдарламасы ашылған Қазақ радиосының «Соңғы хабарлар» редакциясына 1967 жылы жұмысқа қабылданған радио ардагері Руслана Құдайбергенованың келтірген деректеріне қарағанда, 1966 жылы «Соңғы хабарлар» редакциясының бас редакторы Едіге Әбдіғапаров болған. Сол жылдары «Соңғы хабарлар» редакциясында жұмыс істеген аға редакторлар Айдос Абылаев, Абай Өтегенов, Бек Дәулетбаев, Сәрсенбек Оспанов «Шалқар» бағдарламасының алғашқы жауапты редакторлары болды. Содан кейін «Шалқар» бағдарламасы «Соңғы хабарлардан» бөлініп, жеке редакция болып құрылды. Бұл – 1970 жылдардың басы. Сонымен, «Шалқарға» жетекшілік еткен бұрынғы-соңғы, яғни қазірге дейінгі бірінші басшыларын былай тізімдеуге болатын еді: Кенжебек Есімов; Мадрид Рысбеков; Сәркен Оспанов; Махмет Түменбаев; Руслана Құдайбергенова; Кенжебек Әбдіманұлы; Тілеуберді (Таңат) Досбаев; Ғалым Есенсариев; Аманжан Еңсебайұлы; Көпен Әмірбек; Қалқаман Сарин; Болатбек Төлепберген.

Бір ескере кететін жайт, «Шалқар» басшылары әр кезде әрқалай аталды. «Шеф-редактор», «Жетекші», «Бас редактор», «Директор». Ал алда «Шалқар» радиосының тарихын зерттеушілер шығып жатса, бұл деректер де жаңарып, толыға түсер деген үмітіміз бар.

«Қазақ радиосы 1921 жылы Орынборда құрылды» деп жазды профессор Намазалы Омашев ағамыз. Қазақстанның астанасы 1925 жылы Қызылордаға көшкенде, радиомыз да сол жерден әуе толқынына шықты. Ал 1931 жылы астана Алматыға ауысқанда, Қазақ радиосы да қанатын кеңге жайып, Алатау бөктерінен хабар тарата бастады. 1970 жылы Алматыдағы Желтоқсан көшесі, 175-те арнайы Радио үйі салынды. Міне, содан былай қарай Радио үйі Қазақ радиосының, содан соң «Шалқар» радиосының алтын бесігі болды. Қаншама құнды хабарлар әзірленді. Эфирге берілді. Алтын даңғыр «Алтын қорға» жазылып алынды.

Қазақ радиосы сонау Орынбордан Қызылордаға, одан Алматыға, ал 2012 жылы Астана қаласына қоныс аударды. Қазақ радиосы мен «Шалқар» енді елордадан хабар тарата бастады. Міне, сол соңғы көштің шашбауын ұстап, эфир студиясын Астана төріне, «Қазмедиа орталығына» көшірісуге атсалыстық деп айтуға болады. Өйткені 80 жылдан астам әр сағаттың басында «Алматыдан сөйлеп тұрмыз!» деп басталатын «эфир төлқұжаты» бірыңғай Астанаға ауысты. Енді әр сағаттың басында «Астанадан сөйлеп тұрмыз!» деген үнді еститін болдық.

Қазақ радиосының негізгі эфирі 2012 жылдың 30 қыркүйегінен 1 қазанға қараған түнгі сағат 00:00-де, ал «Шалқар» радиосының негізгі эфирі 1 қазан күні таңғы 6:00-де Астанадан шыға бастады. Бағдарламалар кестесін үйлестіріп, түн жарымда бәріміз эфир студиясында бір-бірімізді құттықтағанымыз есімде. Айтпағым бірақ бұл емес. Сол 2012 жылы Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосы Астанаға көшкен кезде, ең соңғы үлгідегі эфир студиясының жабдықтары Алматыда қалған «Classic» радиосына мұра болды. Яғни осы бір ғана радионың эфирге шығуына мүмкіндік болды да, басқа студиялар ескі аппаратура болғандықтан, бәрі істен шықты деуге болады. Тіпті эфир сигналын «Көктөбеге» жеткізетін жүйе де жұмысын тоқтатқан. Тікелей эфир Астанада болған соң, екі жақта бірдей тікелей эфир линиясын ұстап тұру қаражат жағынан қиындық келтірген болуы керек. Содан алматылық әріптестеріміз тікелей эфирсіз қалды деуге болады. Бәрі таспа хабар әзірлейді, алдын ала жазып дайындалатын хабарды Астанаға күн сайын жолдап, жүктеп отырады. 10-15 журналист, 5-6 техник әріптестеріміз үшін жұмыс орнын сақтап қалу қаупі туа бастады. 2014 жылы жоғары жақтан Алматы студиясындағы қызметкерлерді қысқартып, 3-4 адам қалдыру керек деген әңгімелер айтыла бастады. 2012 жылы отбасы жағдайына байланысты кіл мықты деген журналистер Астана аспай, Алматыда қалып қойған жағдайы бар еді. Мінетті штаттар Астанаға ауыстырылғанымен, көшкісі келмегендер қош айтысуға, яғни өздері Алматыда қалуға, сөйтіп, жұмыстан кетуіне тура келген еді. Астанада сол бос орындарға жаңа қызметкерлер алғанымыз есімде. Әрқайсысының кем дегенде 10, тіпті, 20 жылдық жұмыс өтілі бар кәнігі журналистер, жүргізушілер: Жанар Оразымбетқызы, Бақыт Жағыпарұлы, Гүлбану Алпамысқызы, Гүлназ Молдабергенова, Нұржамал Хасанқызы, Гүлбағыш Бостан, Гүлмира Нәлібай, Ерғанат Көпжасарұлы, Аман Тасыған, т. б. «Сен тұр, мен айтайын» дейтіндей әріптестеріміз Алматыдағы студияда амалсыз қалып қоя берді...

«Көп жыл бірге қызметтес болған 20 шақты әріптесіміздің қайсысы қысқаруы керек, 3-4 адам қалса, кім қалуы керек?» деген үлкен сұрақ пайда болды. Мен ол кезде Қазақ радиосының бағдарламалар директорымын. Былайша айтқанда, бас директордың орынбасары сияқты қызметтемін. 2014 жылы жазда еңбек демалысына шыққанымда, Алматыдағы әріптестерімізге соқтым. Қысқартудан аман қалудың бір жолы бар сияқты. Ойыма бір жоба пайда болғандай... Ол кезде Алматы студиясының жетекшісі белгілі журналист Мұрат Мұқаш еді. Мұрекеңе бір кеңес айттым: «Егер қысқартудан аман қалайық десеңдер, «Тікелей эфирге шыққымыз келеді» деген бастама көтеріңдер» дедім. Ойым: «Тікелей эфир жүріп тұрса, оны қалай қысқартады, эфирді жауып тастау да оңай емес қой». Қазақ радиосының басшылық қызметтерінде бола жүріп байқағаным, таспа хабар жасап жүргендерді қысқартып, олардың хабарларының орнына музыка не «Алтын қор» хабарларын бере салу түк те қиын емес екен...

> «Қазақ радиосы 1921 жылы Орынборда құрылды» деп жазды профессор Намазалы Омашев ағамыз. Қазақстанның астанасы 1925 жылы Қызылордаға көшкенде, радиомыз да сол жерден әуе толқынына шықты. Ал 1931 жылы астана Алматыға ауысқанда, Қазақ радиосы да қанатын кеңге жайып, Алатау бөктерінен хабар тарата бастады. 1970 жылы Алматыдағы Желтоқсан көшесі, 175-те арнайы Радио үйі салынды. Міне, содан былай қарай Радио үйі Қазақ радиосының, содан соң «Шалқар» радиосының алтын бесігі болды

«Мұреке, алдымен, Қазақ радиосына күн сайын Алматыдан екі сағат шығу үшін бағдарлама кестесін әзірлеп, басшылыққа ұсына беріңдер. Астанаға барған соң мен тікелей эфирге шығудың техникалық мүмкіндіктерін қарастырып көрейін» дедім.

Астанадағы «Қазмедиа орталығы» радио кешенінің бастығы Қадыр Алшынбаймен ақылдаса отырып, арзан бюджеттік жобамен тікелей эфирге шығу жолын іздестірдік. Таптық та. IP-кодек құрылғысын қосу арқылы интернеттің көмегімен тікелей эфирге шығуға болады екен. Қадыр бауырымыз да аққөңіл атпал азамат қой... Уақытша болса да телевидениеден тауып келді біреуін. Біреуі Алматыдан табылды-ау деймін. Екі қалада екеуі интернет арқылы байланысуы керек болды. Кейін, Қадыр сол кездегі Қазақ радиосы техникалық қызметінің бастығы Қуаныш Кемеловпен ақылдаса отырып, «Қазақстан» РТРК АҚтың сол кездегі техникалық директоры Ернұр Қасабековтің алдына барып, Алматыдан қосылатын тікелей эфирдің көбейгенін түсіндіреді. Ол эфирлердің үздіксіз қосылуына кәсіби құрылғы қажет екенін айтып, Алматы және Астана қаласына екі бірдей кәсіби IP-кодек құрылғысын сатып алу қажеттілігі туындап тұрғанын жеткізеді. Осы бастаманың нәтижесінде және телерадио корпорациясының техникалық директоры Ернұр Қасабековтің қолдауымен сол кезде сатып алынған құрылғылар бүгінге дейін өз қызметін атқаруда.

– Оңғар аға, техникалық мүмкіндік бар. Тексеріп көрдік. Эфир таза шығады. Тек интернет әлсіз болмаса, тікелей эфирді емін-еркін жүргізе беруге болады, – деді.

– Жарайсың, Қадеке! Біздің алматылық әріптестеріміз үшін керемет жұмыс жасадың. Дәу жігіт бол! Енді шығармашылық жағын қамдайық, – деп Алматымен, Мұрат Мұқашпен сөйлесіп, күн сайынғы екі сағаттық эфирдің кестесін пысықтадық. Енді радио басшылығына жеткізіп, жоспарымызды жүзеге асыру ғана қалды, әрине, дұрыс қабылдаса...

Бас директордың орынбасары – «Шалқар» радиосының директоры Болатбек Төлепбергенмен әңгімемізді жақсылап пысықтап алып, екеуміз Қазақ радиосының бас директоры Махат Садыққа кірдік.

– Алматыдай алып шаһарда қаншама ұлт зиялылары, қаламгерлер, өнер адамдары дұрыс насихатталмай жатыр. Өйткені тікелей эфир болмағандықтан, тура келіп, әңгімесін не әнін айтып кетуге мүмкіндігі жоқ. Сол үшін мынадай бір жолы бар» деп жоспарымызды айтып, «Қазмедиа орталығы» радио кешенінің бастығы Қадыр Алшынбайды шақырттық.

– Техникалық жағынан мүмкіндік бар ма, Қадеке? – деп сұрады бастық.

– Бар, – деді Қадыр.

– Онда алматылықтар кешкі уақытта Қазақ радиосынан бір сағат тікелей эфирде хабар жүргізсін, – деді бастық.

Сөйтіп өзі Алматы студиясының жетекшісі Мұрат Мұқашқа: «Алматыда тікелей эфирге шығатын мүмкіндік туды. Тездетіп бір сағаттық тікелей эфирдің бағдарламалар кестесін жасаңдар» деп тапсырма берді. Бұл 2014-тің күзі еді.

Бір күні Махаң алматылық әріптестердің хабар жүргізу шеберлігіне риза болса керек, Болатбек пен мені шақырып алып:

– Неге «Шалқарға» да тікелей эфир қоспасқа?.. – деп қарап тұр. Көктен іздегеніміз жерден табылғандай, қуана-қуана келістік. «Шалқар» радиосынан да Алматыдан бір сағаттан тікелей эфир шыға бастады. Алматыдағы бір студия екі радиоға да кезек-кезек эфирге шығуға жарап тұр.

Тікелей эфирдің «киесі, қасиеті» бар деп жатады. Эфир жүріп жатқан соң ба, жоғары жақтағылар «алматылықтарды қысқартып, 3-4 адам қалдыру керек» деген пікірін де өзгерте бастағандай. Осы жерде «Жақсыдан – шарапат» деген жақсы сөз еске түседі. Радио инженері Қадыр Алшынбайдың техникалық жарақтандыру әдісі әлі күнге кәдеге жарап тұр. Яғни интернет арқылы сигналды Алматыдан Астанаға не Астанадан Алматыға қосып-ажырату арқылы бірнеше хабар тікелей эфирге шығып тұр. Мысалы, бүгінде (2026 ж.) заңгер Нұра Тынысқызының бұрынғы «Заңгер кеңесі», қазіргі «Халық үні» хабары Алматыдан Астанаға Қазақ радиосына қосылса, Гүлнұр Омарханқызы мен Бағдагүл Шарғынова кезектесіп жүргізетін «Бүгінгі сөз», Гүлнұр Омарханқызының «Нысана», Сәрсенғали Жүзбаевтың «Күй-шашу», Мейрамгүл Исатайқызының «Жандауа» бағдарламалары Астанадан Алматыға, «Шалқар» радиосына қосылып, тікелей эфирге шығып келеді.

2019 жылы «Қазақ радиолары» ЖШС-нің сол кездегі бас директоры Ернұр Бурахан (қазір телерадиокорпорация төрағасы) мен корпорация басшысы өзара кеңескен соң, «Шалқарды» Алматыдан шығару жөнінде ұйғарым жасалады. Осы ұйғарым пісіп, жетіліп, бұған дейін (2012-2020 жж.) Астанадан шығып келген «Шалқар» радиосы 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қайта Алматыдан шыға бастады.

Екі радионың бағыт-бағдары да айқындалды: Қазақ радиосы – қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және музыкалық саясаты: заманауи эстрадалық бағыт болса, «Шалқар» радиосы – ұлттық руханият, әдебиет пен мәдениет, дәстүрлі ән-күй, бұрынғы Қазақстан композиторларының шығармалары орындалатын және «Алтын қорымыздағы» құнды хабарлар берілетін арна болып белгіленді.

Игі бастама бір жағы әу баста Радио үйі аталған қасиетті қара шаңырақты, радио ғимаратын сақтап қалуымызға өз септігін тигізді деп ойлаймын. Енді Алматыдан Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосына хабарлар әзірлеп келген 10-15 журналист бірыңғай «Шалқар» радиосының қызметкері болып шыға келді. Ал Астанадағы «Шалқар» үшін хабар жасайтын әріптестеріміздің біразы Қазақ радиосына ауысты. Бүгінде Сәрсенғали Жүзбаев, Мейрамгүл Исатайқызы, Гүлнұр Омарханқызы, Бағдагүл Рахметқызы сияқты әріптестеріміз Астанадан «Шалқар» радиосы үшін хабарлар әзірлеп жүр.

«Шалқар» бірыңғай Алматыдан эфирге шығатын болғандықтан, Алматы студиясындағы техниктердің басшысы Ербол Қасенов бауырымыздың іскерлігі нәтижесінде Алматы эфирінің сигналы бірден «Көктөбеге», телемұнараға жететін мүмкіндік жасалды. Осылайша, сонау бір жылы алматылық құрамның тікелей эфирге шығуына мүмкіндік туғызып, екі радиоға оңтүстік астанамыз – Алматыдан тікелей эфирде хабарлар беруге, сол арқылы қызметкерлерді сақтап қалуға үлес қосқан болатынбыз. Білім, ғылым, мәдениет ордасынан сүбелі хабарлар беріп отырған журналистерге де жоғарғы жақ қатты шүйліге қоймады-ау деймін. Мұны алматылық әріптестерімізді қысқартудың үлкен бір толқынынан аман алып қалуға тигізген аз-кем көмегіміз болды деп енді ашық айтуға болады. Бұған игілігі мол іске атсалысқан азаматтар куә.

«Шалқар» радиосы – «Қазақ радиолары» ЖШС-ға қарасты 3 радионың біреуі (төртінші радио «Астана» радиосы болатын. 2025 жылдың 1 мамырынан Қазақстан Президенті телерадио кешенінің қарамағына ауысты). Бүгінде ел тұрғындарының 73 пайызы ұлттың үнжариясы – «Шалқар» радиосын тыңдай алады.

Осымен Алматы студиясын қысқартудың бір толқынынан қалай аман сақтап қалғанымыз туралы хикаямыз аяқталды. Өзіміз Қазақ радиосы бас директорының орынбасары деңгейінде – бағдарламалар директоры қызметін атқара жүріп, басшылыққа қарсы тірлік жасағандай, бәрі де әріптестерімізді қайтсек аман алып қаламыз деген ниеттен туындаған әрекетіміз түбі игілікті болатынына сенген болуымыз керек. «Әр істің қайыры бар» дейді. «Тәуекел түбі – желқайық, өтесің де кетесің» дегендей, нартәуекелге барып жасаған игі амалымыз сауаптан болсын деп тілейміз.

Бүгінде «Қазақ радиолары» ЖШС бас директоры Нұртас Солтанұлының, «Шалқар» радиосының бас редакторы Болатбек Төлепбергеннің, аға редактор Бақыт Жағыпарұлының басшылығымен «Шалқар» радиосы салмақты да салиқалы, мәнді де мазмұнды, қызықты да құнды хабарларымен, ұлттық музыка әуенімен тыңдаушылардың көңілінен берік орын алды.

Оңғар ҚҰРАЛ,
«Шалқар» радиосының қызметкері,
ҚР Ақпарат саласының үздігі

№39 (4937) 04/04/2026 Сенбі

САЗ ӨНЕРІНІҢ САЙЫПҚЫРАНЫ

Көрнекті композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Кеңес Дүйсекеевтің туғанына 80 жыл толуына орай Астана қаласы әкімдігі «Руханият» мекемесінің ұйымдастыруымен «Ғаламат» жобасының аясында орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Саз өнерінің сайыпқыраны» атты іс-шара өтті.



Мекемеде қазақ тілі курсы бойынша дәріс алып жатқан тыңдаушылар, мекеме және кітапхана қызметкерлері қатысқан іс-шарада шырқалған Кеңес Дүйсекеевтің «Қарағым-ай», «Сәлем саған, туған ел!», «Домбыра туралы баллада», «Ойлайсың ба?» сынды халық жүрегіне жеткен әуезді де сазды әндер көңілді бір серпілтті. Қазақ тілін оқып жатқан тыңдаушыларға мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін ұғындыру, отансүйгіштік қасиеттерді дамыту, қазақтың ән-күйі, жырлары арқылы, қазақ тілінің шұрайлы да бай тілдік қорымен молынан сусындата отырып, тілдік дағдыны қалыптастыру, олардың әдеби тілдік қорын байыту, ана тіліміздің мәртебесін одан әрі асқақтату мақсатындағы тәрбиелік мәні зор, патриоттық рух беретін мазмұнды, сырлы да сазды кеш болды. Іс-шараның ұйымдастырушылары, «Ғаламат» жобасының негізін қалаушылар – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, ақын Серік Рысбекұлы және Ақпарат саласының үздігі Айжан Серікқызы «Ғаламат» жобасы туралы әңгімеледі. Соның аясында ана тіліміздің мәртебесін асқақтату жолында қаншама мекеме қызметкерлері қатысқан білім ордалары мен жоғары оқу орындарында осындай кездесулер ұйымдастырылды. Жобаға қазақ халқының өмірімен біте қайнасып жатқан шешендік, сал-серілік өнер, ақын-жазушыларымыздың шығармаларын сахналап, көрініс арқылы жеткізу, мәнерлеп оқу дағдысы, актерлік шеберлік, айтыс өнері, ақындыққа баулу, қазақтың ән өнерінің ғажайыптығын орындап, жүрекке терең бойлату енгізілген. Бұл жоба алдағы уақытта тек Астана қаласы бойынша ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріне, облыстар мен аудандарымыз бен ауыл-ауылдарда жүргізіледі деп жоспарлануда.

ҚОС ҚАНАТТЫ АҚЫН

Елордамыздағы Ұлттық академиялық кітапханада ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығына арналған «Шөмішбай Сариев – қос қанатты ақын» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Басты мақсат – ақын шығармаларындағы тағылымы мол ой-тұжырымдарды ұрпақ санасында жаңғырту, елдік пен ерлікті, Отан мен ұлт құндылықтарын арқау еткен ән-өлеңдерін және бай әдеби мұрасын кеңінен насихаттау. Кеш аясында ақын шығармашылығына арналған «Жырмен өрілген ғұмыр» атты кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Онда қаламгердің кітаптары мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылды. Ал әдеби-сазды кешті филология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанов жүргізді. Кеш қонақтары: журналист, әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов, жазушы, абайтанушы, профессор Тұрсын Жұртбай, сондай-ақ ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының төрағасы Бауыржан Бабажанұлы, тағы басқа зиялы қауым өкілдері сөз сөйлеп, ақын жайлы естеліктерімен бөлісті. Одан соң ақынның сөзіне жазылған әндер орындалып, жырлары оқылды.

Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР**

БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі Халықаралық балалар кітабы күніне орай бірқатар мазмұнды іс-шара ұйымдастырды.



Айталық, орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында балалар ақыны Серікбол Хасанмен «Бала тілін тапқан ақын» атты кездесу өтті. Оған «Көкжиек» клубының мүшелері, №62 мектеп-лицейдің 3-сынып оқушылары және оқырмандар қатысты. Ақын балалармен емен-жарқын әңгімелесіп, өзінің балалық шағы туралы әсерлі естелігімен бөлісті. Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, еркін пікір алмасса, автор «Бесбармақ» атты кітабын қолтаңбасымен мектепке сыйға тартты. Ал №10 көпшілік кітапханада №60 «Арай» балабақшасының мектепалды даярлық тобы мен №43 қосымша білім беру мектеп-орталығы 5-сынып оқушыларының қатысуымен ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына арналған «Дала қоңырауы» атты тағылымды іс-шара өтті. Қатысушылар Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен еңбегі туралы кеңінен мағлұмат алып, оның шығармаларынан үзінділер оқыды. Сонымен қатар «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Бұл кім?», «Әй, достарым», «Өзен» сияқты өлеңдері оқылып, тәрбиелік мәні зор әңгімелері сахна қойылымы арқылы көрініс тапты, кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда ағартушының шығармалары мен ол туралы зерттеу еңбектері ұсынылды.

ТЕМЕКІДЕН – СПОРТҚА

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Есіл өзенінің жағасындағы Кенесары хан ескерткіші маңында «Тәуелділікті спортқа айырбаста» акциясы ұйымдастырылды.




Мұндағы мақсат – қала тұрғындарын зиянды әдеттерден, әсіресе темекіден бас тартуға шақырып, салауатты өмір салтын насихаттау. Акция барысында қатысушыларға темекіден бас тартып, оның орнына спортпен шұғылдану ұсынылды, сонымен қатар оларға спорт құралдары беріліп, денені шынықтыруға ынталандыру жұмысы жүргізілді. Акцияға дзюдодан Қазақстанның спорт шебері Сергей Пак қатысып, 16 жылдан астам уақыт балаларды жаттықтырып келе жатқанын айтты. Оның пікірінше, мұндай бастамалар жастар арасында салауатты өмір салтына деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Жалпы айтқанда, аталған акция – Астанада салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

– Біз бұл іс-шараны Спорт басқармасымен бірге өткіземіз, себебі денсаулыққа қамқорлық әр адамның өз таңдауы екенін көрсету маңызды. Негізгі идея – зиянды әдеттердің орнын пайдалы әдеттермен алмастыру. Қатысушыларға бастапқы спорт жабдықтарынан бастап жекпе-жекке арналған құралдарға дейін ұсынылды. Соңғы бірнеше жылда қоғамның қолдауымен 100-ден астам осындай іс-шара ұйымдастырылды. Барша тұрғынды осындай бастамаларға қатысуға шақырамыз! – деді Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі басшысы Дамир Хисматуллин.

ТУРНИРГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

Бас қаладағы «Sana Sport» кешенінде 18 жасқа дейінгі қыздар командалары арасындағы Азия кубогына Орталық Азия аймағы бойынша іріктеу турнирі – FIBA U18 Women's Asia Cup CABA Qualification өтті.

Ойынды Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит арнайы барып тамашалады. Аталған жарыс – Азия кубогына іріктеу кезеңі. Турнирге Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан ұлттық құрамалары қатысты. Қазақстан құрамасы сапында елорданың «Astana Tigers» клубының 7 ойыншысы өнер көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы барлық матчта жеңіске жетіп, 1-орын иеленді. Екінші орын Өзбекстан, ал үшінші орын Қырғызстан құрамасына бұйырды. Осылайша, турнир жеңімпазы атанған елордалық баскетболшы қыздар құрамасы 2026 жылдың қыркүйек айында Таиландта өтетін FIBA U18 Women's Asia Cup турниріне жолдама алды. Турнирдің ең құнды ойыншысы (MVP) болып елордалық Ерлан Шахида (Қазақстан) танылды. Сонымен қатар символикалық үздік бестік анықталды. Ойындарға халықаралық төрешілер (Корея мен Моңғолиядан) шақырылып, техникалық делегат ретінде FIBA өкілі Самсон Арекелян жұмыс істеді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 39
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ